

2009 жылды Талас ауданының аумағында тұратын 1992 жылды туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді үйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 16 Шешімі. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 09 қантарда 70 нөмірімен тіркелді

### *R K A O*

### *ескертпесі.*

#### *Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабы 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы "Қазақстан Республикасында әскери міндептілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алушы жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" № 371 қаулысына сәйкес

#### **ШЕШЕМІН:**

1. "Жамбыл облысы Қаратау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Ж. Қарағоловқа (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2009 жылдың қантар-наурыз айларында Талас ауданының аумағында тұратын 1992 жылды туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жүргізу

ұсынылсын.

2. Қаратау қаласының және ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімдері "Жамбыл облысы Қаратау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. "Талас ауданы әкімиятының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жамбыл облысы Қаратау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданының білім беру мекемелерінде оқитын 1992 жылды туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақтылы және үйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Жамбыл облысы әкімиятының денсаулық сақтау басқармасының "Талас орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері М.К. Серімовке (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркеу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық комиссиядан өткізу ү с ы н ы л с ы н .

5. "Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің Талас аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Б.А. Бұркітбаевқа (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстай өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ү с ы н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Тұрсынбеков аға жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан Әкімі

*O. Жиенқұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК